

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) сату қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 19 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 наурызда № 14888 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) сату қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу мен сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 28 маусымдағы № 262 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1622 тіркелген, 2001 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде № 30, 476-бап жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаздағы және электрондық түрдегі көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2017 жылғы 28 қаңтардағы
№19 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) сату қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) сату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау

жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (бұдан әрі – сақтандыру ұйымы) акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) (бұдан әрі – жаңа инвестор) сату тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) акцияның бұрынғы иесі - сақтандыру ұйымының акционері болып табылған және оның акцияларын осы Қағидаларға сәйкес уәкілетті орган мәжбүрлеп сатып алған тұлға;

2) акционер - осы Қағидаларда белгіленген талаптармен сатып алынған акциялар бойынша оған меншік құқығы өткен заңды немесе жеке тұлға;

3) жаңа инвестор - осы Қағидаларда белгіленген талаптармен сатып алынған акцияларды сатып алу мәселесі жөнінде уәкілетті органмен келіссөзге келген заңды немесе жеке тұлға;

4) сатып алынған акциялар - уәкілетті органның осы Қағидаларға сәйкес сатып алған сақтандыру ұйымының акциялары.

3. Сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алуды және оларды кейіннен жаңа инвесторға сатуды уәкілетті орган оның сақтанушыларының, сақтандырылған адамдарының, пайда алушыларының заңды мүддесін қорғау және уәкілетті органның шешімі (шешімдері) негізінде сәйкес сақтандыру нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

4. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу рәсімін сақтандыру ұйымының акцияларына меншік құқықтарының жаңа акционерге өтуін қамтамасыз ету мақсатында қолданады және сатып алынатын акциялардың соңғы сатып алушысы (иеленушісі) болып табылмайды.

2-тарау. Сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу мен оларды кейіннен жаңа инвесторға сату негіздемесі мен талаптары

5. Уәкілетті органның сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген сақтандыру ұйымының активтерінің құны мен міндеттемелерінің арасында теріс айырманы анықтауы сақтандыру ұйымының барлық акцияларын мәжбүрлеп сатып алуға негіздеме болып табылады.

6. Сақтандыру ұйымының активтерінің құны мен міндеттемелерінің арасындағы айырманы есептеу Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Сақтандыру ұйымының жаңа инвесторына мынадай талаптар қойылады:

1) сақтандыру ұйымының акционері үшін Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында қойылатын талаптарға сәйкес келу;

2) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (жеке немесе басқа инвесторлармен бірлесіп) барлық міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің болуы;

3) конфиденциалдылықты және коммерциялық құпияны сақтау бойынша жазбаша міндеттеме қабылдау.

8. Сатып алынған акцияларды кейіннен жаңа инвесторға сату туралы шешімді уәкілетті орган Қағидалардың 7, 11 және 14-тармақтарында көзделген талаптарды орындаған жағдайда қабылдайды.

3-тарау. Сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу мен оларды кейіннен жаңа инвесторға сату рәсімі

9. Уәкілетті орган жаңа инвесторды іздеу бойынша іс-шараларды Қазақстан Республикасының барлық аумағында қазақ және орыс тілдерінде таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында тиісті ақпарат жариялау арқылы жүзеге асырады.

10. Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келетін тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші) уәкілетті органға сақтандыру ұйымының барлық акцияларын сатып алғысы келетіні туралы өтініш береді.

Сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алғысы келетін екі немесе одан да көп тұлға бірлесіп бір өтініш берген жағдайда, аталған тұлғалар өтінішке қосымша әрқайсысы сатып алатын сақтандыру ұйымы акцияларының санын және сатып алынған акциялар үшін төлем жасалуға тиісті ақша сомасын анықтайтын өзара жасалған келісімін ұсынуға тиіс.

11. Өтініш беруші келіссөз жүргізілгенге дейін уәкілетті органға сақтандыру ұйымының мынадай ықтимал тәуекелдерінің сипаттамасы мен басқару тәсілдері кіретін алдағы 2 (екі) жылға арналған сақтандыру ұйымының қаржылық жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады:

1) өтімділік тәуекелі бойынша (сақтандыру ұйымы өз сақтанушылары және өзге кредиторлары алдындағы өз міндеттемелерін уақтылы орындауға қабілетсіз болу тәуекелі) шығарылған акциялардың, міндеттемелердің және өтімді активтердің жалпы сомасының активтердің жалпы сомасына күтілген қатынасы көрсетіледі;

2) операциялық тәуекел бойынша (сақтандыру ұйымының оперативті қызметі бойынша шығыстардың алғашқы болжамды деңгейінен айтарлықтай асуы мүмкін тәуекел) көрсетілетін негізгі және қосымша қызметтің болжамды көлемі

мен тізбесі, сақтандыру ұйымы операцияларының күтілген орташа және айтарлықтай жоғары көлемі, сақтандыру ұйымының алғашқы белгіленген шектен асатын шығыстарының орнын жабу шарттарының сипаттамасы көрсетіледі;

3) капитализацияға байланысты тәуекел бойынша (сақтандыру ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес болу үшін жеткілікті меншік капиталының қажетті мөлшерін қолдауға қабілетсіз болуы мүмкін тәуекел) Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген талаптарды орындау мақсатында қолдау қажет етілетін меншік капиталының мөлшері көрсетіледі;

4) өз сақтанушыларына (өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымы үшін) заем берген кездегі кредит тәуекелі бойынша заем берген кезде қолданылатын талаптар, сондай-ақ берілген заемдардың портфелін тұрақты қадағалау және бақылау кезінде қолданылатын және проблемасы бар заемдар мен заемдар бойынша шығындардың орнын жабу үшін резервтер құру мақсатында жүргізілетін тәртіп көрсетіледі.

12. Акцияларды кейіннен сату мақсатымен оларды мәжбүрлеп сатып алу туралы келіссөз жүргізу мүмкіндігі туралы мәселе оң шешілген жағдайда, уәкілетті орган жаңа инвесторға алдағы уақытта жасалатын мәміленің болжамды мерзімімен қоса оны жасау талаптарын бірлесіп қарауды бастау туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Сақтандыру ұйымының акцияларын сатып алғысы келетін екі немесе одан да көп тұлға бірлесіп бір өтініш берген жағдайда, уәкілетті орган олардың әрқайсысына осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жазбаша хабарламаны жібереді.

13. Жаңа инвестор ұсыныстарды қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган ол туралы жаңа инвесторға жазбаша хабарлайды. Сақтандыру ұйымының акцияларын сату және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету талаптарын енгізе отырып, уәкілетті орган мен жаңа инвестор арасында жасалатын сақтандыру ұйымының сатып алынған акцияларын сатып алу-сату шартының жобасы уәкілетті орган жаңа инвесторға хабарлаған күннен бастап 10 (он) жұмыс жасалады.

14. Жаңа инвестор акциялардың сату бағасын, сондай-ақ сақтандыру ұйымының қаржылық жағдайын сауықтыруға қажетті соманы не оның 60 (алпыс) пайыздан кем болмайтын негізгі бөлігін көрсетілген тиісті шот ашылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі тиісті шотына (бұдан әрі – шот) енгізеді.

15. Жаңа инвестор Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген ақшаны шотқа енгізгеннен кейін сақтандыру ұйымының сатып алынған акцияларын сатып алу-сату шартының жобасы уәкілетті органның Басқармасының қарауына

шығарылады. Бұл ретте сақтандыру ұйымының сатып алынған акцияларын сатып алу-сату шарты уәкілетті орган сақтандыру ұйымының ондай акцияларын кейіннен жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

16. Сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алуды және оларды кейіннен жаңа инвесторға сатуды ресімдеуді уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім және сақтандыру ұйымының акцияларын кейіннен жаңа инвесторға сату туралы шешім қабылдау жолымен жүргізеді.

17. Уәкілетті органның сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімі және сақтандыру ұйымының акцияларды жаңа инвесторға сату туралы шешімі бағалы қағаздардың ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған жеке шотындағы сақтандыру ұйымы акцияларының меншік иесін өзгерту бөлігіне өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

18. Сақтандыру ұйымының келтірілген талаптарға сәйкес кейіннен жаңа инвесторға сатумен мәжбүрлеп сатып алуға жататын акцияларымен жасалатын мәмілелерді тіркеу, сатып алынған акцияларды сату, бағалы қағаздардың ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоттар бойынша тиісті өзгерістер енгізу, сатып алынған акцияларды сату мерзімдері мен нысанын айқындау, және ақпаратты мүдделі тұлғаларға жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

19. Акцияның бұрынғы иелеріне сақтандыру ұйымының сатып алынған акцияларының жалпы көлеміндегі олардың үлесіне тепе-тең сомадағы акциялар құнын төлеу уәкілетті органның нұсқауы негізінде шоттан оған жаңа инвестор сақтандыру ұйымының акцияларының сату бағасы мөлшерінде ақша енгізген соң жүргізіледі.

20. Оларға қатысты акциялардың бұрынғы иелерінің сол акциялармен қамтамасыз етілген міндеттемелері бар үшінші тұлғалар өз талаптарын уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдаған соң акциялардың бұрынғы иелеріне тиесілі ақшадан қанағаттандырады.

21. Сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу бойынша іс-шаралар жүргізуге байланысты шығыстар сақтандыру ұйымының акционерінің есебінен жұмсалады.

22. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сатып алынған акцияларды кейіннен жаңа инвесторға сату туралы шешімдер қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан

Республикасының барлық аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде тиісті хабарлама жариялайды.

4-тарау. Акцияларды мәжбүрлеп сатып алу рәсімдерін жүргізу кезеңінде сақтандыру ұйымы қызметінің тәртібі

23. Уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және кейіннен сатып алынған акцияларды сату туралы шешімді ол қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сақтандыру ұйымына жібереді. Сақтандыру ұйымының атқару органының басшысы (оны ауыстыратын тұлға) аталған шешімге қол қоя отырып танысады және ол туралы атқару органының мүшелеріне ақпарат береді.

24. Егер сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және кейіннен жаңа инвесторға сату бір уақытта жүзеге асырылса, онда уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімді жеткізген күннен бастап сақтандыру ұйымының барлық органдарының өкілеттіктері тоқтатылады және акционердің шешімі бойынша құрылған органдарға өтеді.

25. Егер сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және кейіннен жаңа инвесторға сату бір уақытта жүзеге асырылмаса, онда уәкілетті орган сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешімді жеткізген күннен бастап сақтандыру ұйымының барлық органдарының өкілеттіктері тоқтатылады және уәкілетті органға өтеді.

26. Қағидалардың 25-тармағында көзделген жағдайда, уәкілетті орган сақтандыру ұйымының қызметін басқаруды қамтамасыз ету мақсатында өзінің өкілін тағайындайды, ол сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап мыналарды орындайды:

1) сақтандыру ұйымының атқару органынан қабылдау-өткізу актісі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның түпнұсқасын, сақтандыру ұйымын тіркеу жөніндегі құжаттарды, мөртабандарды, ақпараттың электрондық жазбаларын және оның бағдарламалық қамтамасыз етуін, бланкілерді және басқа құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымының мүлкін қабылдап алады;

2) уәкілетті органның сақтандыру ұйымының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, сақтандыру ұйымы өкілінің тағайындалғаны туралы шешімнің көшірмесін сақтандыру ұйымы клиенттерінің танысуы үшін көрінетін жерге орналастырады;

3) сақтандыру ұйымының кассасына түгендеу жүргізеді және ақша қалдығын оның банктік шотына есептейді, сақтандыру ұйымының банктік шоттарын салыстырып тексереді;

4) сақтандыру ұйымының мүлкіне, сақтандыру және өзге де шарттарына түгендеу жүргізеді, сақтандыру ұйымы мүлкінің, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз етудің, ақпараттың электронды жазбаларының, сондай-ақ басқа да ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) сақтандыру ұйымының шотына қызмет көрсететін банктерге сақтандыру ұйымының атынан құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды адамдардың қол қою үлгілері бар құжаттарды береді;

6) толық материалдық жауапкершілік жүктелген адамдарды, оның ішінде сақтандыру ұйымының бухгалтерлік есебін жүргізу мен бухгалтерлік және өзге де есепті өндеудің электронды жүйесіне кіруге рұқсат берілетін адамдарды анықтайды;

7) бухгалтерлік есептің архивінің деректер базасын және электронды жазбадағы есепті сақтандыру ұйымының өкілін тағайындаған күнге дейін қағазға басып шығаруды қамтамасыз етеді;

8) сақтандыру ұйымы шарттарының (сақтандыру полистерінің) бланкілерін алады;

9) сақтандыру жағдайлары басталған сақтандыру шарттары бойынша, оның ішінде сақтандыру ұйымдары филиалдарының бұрынғы жасаған шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды;

10) сақтандыру ұйымын басқару жөніндегі басқа да қажетті іс-шараларды орындайды.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Сақтандыру ұйымының өкілі өз қызметі кезеңінде сақтандыру ұйымын ұстауға жұмсалатын ағымдағы шығыстарға, сақтандыру ұйымына түскен ақшаны есептеуге және сақтандыру оқиғасы басталған бұрынғы жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға байланысты жағдайлардан басқа, шығыс операцияларын жүзеге асырмайды.

28. Сақтандыру ұйымының өкілі уәкілетті органға филиалдар мен өкілдіктер бойынша мәліметтер ескеріле отырып жасалған сақтандыру ұйымының орындаған жұмысы мен қызметі туралы ақпаратты ұсынады.

29. Сақтандыру ұйымының өкілі бағалы қағаздардың ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған

жеке шотындағы сақтандыру ұйымы акцияларының меншік иесін өзгерту бөлігіне тиісті өзгерістер енгізілген күннен бастап өз өкілеттіктерін тоқтатады және сақтандыру ұйымының құжаттары мен мүлкін өткізіп береді.

Сақтандыру ұйымының құжаттары мен мүлкін сақтандыру ұйымының өкілінен акционердің қабылдап алуы-өткізуі қабылдап алу-өткізу актісімен ресімделеді, ол 3 (үш) дана етіп жасалады, олардың біреуі уәкілетті органға беріледі.

30. Сақтандыру ұйымының қаржылық жағдайын сауықтыру үшін жаңа инвестор енгізген ақша сомасы сақтандыру ұйымының қайта құрылған атқару органының өтініш-хатын алған соң уәкілетті органның нұсқауы негізінде сақтандыру ұйымының банктік шотына аударылуы тиіс.